

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 сәуір N 465

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 16 қарашада Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

(2005 жылғы 27 мамырда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі, екі мемлекеттің арасындағы қазіргі достық қатынастарды одан әрі нығайту ниетін б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п , халықаралық үкіметтік байланысты сақтау мен дамытудағы Тараптардың мүдделілігін ескере о т ы р ы п , Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде жасалған халықаралық шарттарды н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п , өзара сенім білдіру және бірін бірі құрмет тұту негізі болып табылатын қарым-қатынастарды нақты тәртіпке келтірудің көкейкесті қажеттілігін негізге ала о т ы р ы п , төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай анықтамалар қолданылады:

- 1) "құзыретті ұйымдар" - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Үкіметтік байланыс қызметі, Өзбекстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік қызметі;

2) "үкіметтік байланыс" - мемлекеттік басқарудың қажеттілігіне арналған арнайы байланыс;

3) "халықаралық үкіметтік байланыс" - Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының үкіметтік байланыс абоненттері арасындағы ақпарат алмасуға арналған үкіметтік байланыс жүйесі;

4) "шифрлау құралдары" - ақпаратты өңдеу, сақтау және байланыс арналары бойынша беру кезінде оны қорғауға арналған, ақпараттың түрін өзгертетін криптографиялық алгоритмдерді іске асыратын, оның ішінде рұқсат берілмеген араласудан, жалған ақпаратты таңудан қорғауға арналған аппараттық, бағдарламалық-аппараттық және бағдарламалық құралдар, негізгі құжаттарды дайындау құралдары, қолдан жасалатын шифрлар, кодтау құжаттары.

2-бап

Тараптар тұрақты жұмыс істейтін халықаралық үкіметтік және шифрланған құжаттамалық байланысты қамтамасыз етеді және жетілдіреді.

Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптың мүддесін қозғайтын халықаралық үкіметтік байланысты ұйымдастыру, техникалық тұрғыдан пайдалану және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуде тең құқылы.

Халықаралық үкіметтік байланысты ұйымдастыруды, техникалық пайдалануды, қауіпсіздігі мен үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелерін құзыретті ұйымдар шешеді.

3-бап

Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес, егер Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда өзгеше талаптар айтылмаса, екінші Тарап мемлекетінің жоғары лауазымды тұлғаларына өз мемлекетінің аумағында үкіметтік байланысты ұсынады.

4-бап

Өз мемлекеті аумағының шектерінде халықаралық үкіметтік байланысты ұйымдастыру, іске қосу, техникалық пайдалану және одан әрі жетілдіру жөніндегі шығыстарды Тараптардың әрқайсысы төлейді.

5-бап

Құзыретті ұйымдар мынадай бағыттар бойынша:

1) халықаралық үкіметтік байланысты, сондай-ақ үкіметтік байланыстың ұлттық жүйелерін пайдалану мен олардың жаңа жүйелерін және құралдарын өндіру саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды бірлесіп жүргізеді;

2) үкіметтік байланыс құралдарын өндіру саласында;

3) үкіметтік байланыс жүйелеріндегі және құралдарындағы ақпаратты қорғау саласында;

4) Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының үкіметтік байланысының радиоэлектрондық құралдарының электромагнитта бірлігін қамтамасыз ету мақсатында өз мемлекетінің аумағында өздеріне бөлінген жиілік спектрін пайдалану саласында;

5) кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласында өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Өзара іс-қимылдың көрсетілген бағыттары бойынша ынтымақтастық құзыретті ұйымдардың арасындағы келісім бойынша жүзеге асырылады.

Бірлескен ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер және олар бойынша дайындалған халықаралық үкіметтік байланыстың дауыстық, сондай-ақ құжаттық ақпаратын берудің және шифрлаудың техникалық құралдары - Тараптардың құзыретті органдарының меншігі болып табылады және олар өзара келісімсіз үшінші тарапқа берілмеуі тиіс.

6-бап

Тараптар екі мемлекеттің заңнамаларына сәйкес халықаралық үкіметтік байланысты, сондай-ақ үкіметтік байланыстың ұлттық жүйелерін ұйымдастыру және пайдалану үшін қажетті шифрлау құралдарының, байланыс техникасы құралдарының, жинақтаушы бұйымдардың және қосалқы бөлшектердің жеткізілімін келісілген көлемде қамтамасыз етеді.

Шифрлау құралдарын, байланыс техникасының құралдарын, жинақтаушы бұйымдарды және қосалқы бөлшектерді жеткізу, сондай-ақ аталған құрал-жабдықтарды жөндеуді ұйымдастыру және арнайы мақсаттағы қызметтер көрсетуді Тараптар олардың арасында жасалған шарттарға (келісім-шарттарға) сәйкес жүзеге асырады.

7-бап

Осы Келісімнен туындайтын мәселелерді іске асыру бойынша құзыретті ұйымдардың өзара іс-қимылы кезіндегі жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты мәселелер Тараптар арасындағы келіссөздер және консультациялар арқылы шешілетін болады.

9-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама күнінен бастап күшіне е н е д і .

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және де егер Тараптардың бірде-бірі осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа кезекті бесжылдық кезеңнің аяқталуынан кем дегенде алты ай бұрын жазбаша хабарлама жолдамаса, келесі бесжылдық кезеңдерге ұзартылатын болады.

Астана қаласында 2001 жылғы 16 қарашада әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсаты үшін орыс тіліндегі мәтін қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін

М а м а н д а р :
Б а г а р о в а Ж . А . ,

Қасымбеков Б.А.